ULTTYQ TESTILEÝ ORTALYǴY

ISSN: 3105-4161 (Online)

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕМДЕР

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

№3/2025

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИЗМЕРЕНИЯ

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

PEDAGOGICAL MEASUREMENTS

JOURNAL OF RESEARCH AND PRACTICE

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕМДЕР»

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Национальный центр тестирования» Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

«ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИЗМЕРЕНИЯ»

Republican state enterprise under the right of economic management «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

JOURNAL OF RESEARCH AND PRACTICE

«PEDAGOGICAL MEASUREMENTS»

№3(3) / 2025

Жылына 4 рет шығарылады
2025 жылдан бастап шығады

Астана
2025

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕМДЕР»

ғылыми-практикалық журналы

Бас редакторы:
Абдрасилов Б.С.
ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор:
Шинетова Л.Е.

Редакция алқасы:
Ниязов Т.Ж. - э.ғ.д., Ұлттық тестілеу орталығы
Байжанов Н.А. - з.ғ.к., ETS стажері, АҚШ
Дидарбекова Н.А. - ф.ғ.к., Ұлттық тестілеу орталығы
Танирбергенова А.Ш. - п.ғ.к., Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Калкеева К.Р. - п.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Абаева Г.А. - п.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Абсатова М.А. - п.ғ.к., процессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Карданова Е. Ю. - ф.-м.ғ.к., доцент, «Экономика жоғары мектебі» Ғылыми-зерттеу университеті, Ресей
Ширинов Е. - Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік емтихан орталығы
Patrick Kyllonen - PhD, ETS, АҚШ
Nico Dieteren - Dutchtestologist, Нидерланды
Huseyn Vali - AQA Global Assessment Services, Ұлыбритания
Temur Nezir - PhD, профессор, Гази университеті, Түркия
Matthew Courtney - PhD, Назарбаев Университет

Техникалық редактор:
Бейсенова Ж.Ж.

«Педагогикалық өлшемдер» ғылыми-практикалық журналы. – 2025. – 3 т. – 96 б.

Редакцияның мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Родниковая к-сі, 1/1, тел. 8(7172)799-889, і.н.157, e-mail: naukauto24@gmail.com, сайт: https://testcenter-zhurnal.kz/.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен тіркелген. №KZ54VPY00116912 есепке қою туралы куәлігі.

© ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАСҚАРУ / СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ОЦЕНКЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ И УПРАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВОМ ОБРАЗОВАНИЯ / MODERN APPROACHES TO EDUCATIONAL OUTCOMES ASSESSMENT AND EDUCATION QUALITY MANAGEMENT

К.Т.Туралбаева, Т.Ж. Ниязов, Б.К. Асемова
ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУДЕГІ МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША СӘЙКЕСТІКТІ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ…….…….. 6

Ж.Ж. Бейсенова, Л.Е. Шинетова, Г.К. Жабаева
ПСИХОМЕТРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЕСТОВЫХ ЗАДАНИЙ ПО ОЦЕНКЕ ЗНАНИЙ ПЕДАГОГОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ АПРОБАЦИИ)…….. 20

Ұ. Садық, А. К. Макыбаева, Н. Б. Нуримбетов
ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДІҢ ӨТКІЗІЛУ БАРЫСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ..... 30

И.У. Сагиндиков, А.Ш. Танирбергенова, А. Мағауия
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН БАҒАЛАУДЫҢ ЭКОЖҮЙЕЛІК ТӘСІЛДЕМЕСІ..... 40

Ш.Б. Алтыбаева, А.К. Каркенова, М.Д. Каргалдаева
ПСИХОМЕТРИЧЕСКАЯ ВЕРИФИКАЦИЯ АВТОМАТИЗИРОВАННОЙ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ БАЗОЙ ТЕСТОВЫХ ЗАДАНИЙ……..... 55

D. Chuteneva
GENDER, MULTILINGUALISM, AND CAREER CHOICE IN KAZAKHSTAN: AN INTERSECTIONAL VIEW OF UNDERGRADUATE ASPIRATIONS……... 68

Джафарзода С.Ф., Шодиниё А.Ш., Мирзоаминзода Х.М.
РАЗВИТИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ТЕСТИРОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ ТАДЖИКИСТАН…… 76

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІ БАҒАЛАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯ / ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ИННОВАЦИИ В ОЦЕНИВАНИИ ОБРАЗОВАНИЯ / ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND INNOVATIONS IN EDUCATIONAL ASSESSMENT

N. Baizhanov, A. Sabyrov, A. Makhmutova, S. Kadyrov
LARGE LANGUAGE MODELS IN EDUCATIONAL MEASUREMENT OF KAZAKH LANGUAGE PROFICIENCY……..... 84

БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАСҚАРУ

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ОЦЕНКЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ И УПРАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВОМ ОБРАЗОВАНИЯ

MODERN APPROACHES TO EDUCATIONAL OUTCOMES ASSESSMENT AND EDUCATION QUALITY MANAGEMENT

ҒТАМР 14.15.25 https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.3.3.001

К.Т. Туралбаева[1], Т.Ж. Ниязов[2], Б.К. Асемова[3]
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, Астана қ, Қазақстан Республикасы
*e-mail: kengebahit@mail.ru

[1]ORCID 0009-0004-6640-0522, [2]ORCID 0009-0003-3046-3532, [3]ORCID 0009-0003-4857-4679

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУДЕГІ МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША СӘЙКЕСТІКТІ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Зерттеуде Ұлттық бірыңғай тестілеу шеңберінде тест тапсырмаларын енгізу мәселелері қарастырылады. Негізгі назар тестілердің құрылымы мен мазмұнын жақсартуға аударылған, бұл студенттердің білімдерін тереңірек бағалауға және олардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған. Зерттеу барысында қолданыстағы тестілеу әдістері талданып, арнайы пәндер бойынша білім тереңдігін бағалауға бағытталған жаңа тапсырмалар әзірленіп, енгізілді. Мақалада мультимедиялық элементтері бар тест тапсырмалары сәйкестікті анықтауға арналған жаңа тест тапсырмалары қарастырылады. Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары ақпаратты талдау және салыстыру дағдыларын тексеру, сыни ойлауды дамыту және элементтер арасындағы логикалық байланыстарды орнату қабілетін бағалау мақсатында қосылған. Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары фактілерді білуді ғана емес, олардың арасындағы өзара байланысты түсінуді де тексеруге мүмкіндік береді, бұл оқушылардың білімін кешенді бағалауға және ақпаратты әртүрлі контекстерде қолдана алу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Авторлар математика пәні бойынша сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын сипаттап, олардың білім деңгейін бағалау жүйесіндегі нақты рөлін ашады. Сонымен қатар, мақалада бұл тапсырмалардың заманауи білім беру жүйесіндегі маңызы мен қажеттілігіне ерекше назар аударылады, олардың оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдеріне ықпал ететіндігі көрсетіледі.

Жаңа форматтағы тест тапсырмаларын апробациялау нәтижелері тестіленушілердің білім тереңдігі мен логикалық дағдыларын бағалауда жоғары тиімділікті көрсетті. Сонымен қатар, тестілердің сенімділігі, күрделілігі, корреляциялық сипаттамалары және басқа да көрсеткіштерді қамтитын статистикалық деректер талданды. Алынған деректер негізінде тестілеуді әрі қарай жақсарту бойынша ұсыныстар жасалды, бұл Ұлттық бірыңғай тестілеуде бағалаудың объективтілігі мен тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Түйін сөздер: ҰБТ, тест тапсырмасы, мультимедиялық элементтер, тестіленуші, бағалау, математика, спецификация, тест тапсырмасын әзірлеу, сәйкестікті анықтау.

Кіріспе

Білім беру саласында соңғы жылдары оқыту үдерісін жаңғыртуға бағытталған реформалар қарқынды жүргізілуде. Бұл өзгерістердің маңызды құрамдас бөлігі ретінде білім алушылардың дайындық деңгейін бағалаудың тиімді әдістерін енгізу мен жетілдіруге ерекше назар аударылуда. Осы тұрғыда тестілеу технологиясы мен тестілеу жүйесі оқу жетістіктерін бағалаудың маңызды құралы ретінде кеңінен қолданылып келеді. Оның ішінде ҰБТ – Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарына түсу кезінде талапкерлердің білімін кешенді бағалайтын негізгі механизмдердің бірі [1].

Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес, талапкерлер Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі бойынша) және шығармашылық дайындықты қажет ететін білім беру бағдарламаларына түсушілерден басқа барлық талапкерлер екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырады [2].

ҰБТ форматы халықаралық тәжірибені ескере отырып үнемі жетілдіріліп отырады. Соның ішінде, Дүниежүзілік банк жобасының шеңберінде халықаралық консультанттардың ұсынылған реформалар негізінде тест құрылымын жаңарту, оның ішінде мультимедиялық элементтері бар жаңа тапсырмалар енгізу көзделген.

Жүргізілген зерттеу аясында ҰБТ-ға сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын енгізу бойынша талдау жүргізілді. Аталған жобаның шеңберінде халықаралық консультанттармен бірлесіп жүргізілген зерттеулер мен олар негізінде әзірленген ұсыныс есепке алынып, сараптама жұмыстары орындалды. Бұл зерттеу мен талдау нәтижесінде тест тапсырмаларының құрылымы мен мазмұнын жетілдіруге қатысты нақты ұсыныстар әзірленіп, тестілеудің тиімділігін арттыру мақсатында қажетті өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер білім алушылардың пәндік білімін тереңірек бағалауға және олардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл ұсыныстарды сатылы түрде жүзеге асыру мақсатында 2024 жылғы ҰБТ форматында біршама өзгерістер орын алды. ҰБТ-ның бейінді пәндері бойынша жаңа формадағы тест тапсырмалары, нақты айтқанда, сәйкестікті анықтауға арналған 5 тест тапсырмасы енгізілді [3].

ҰБТ-ға сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын енгізу алдында кешенді ақпараттық және түсіндірме іс-шаралары жүргізілді. Осы форматтағы тест тапсырмаларын қамтитын байқау сынақтары кең аудиторияға ұсынылып, білім беру ұйымдарында білім алушыларды қамти отырып, тест тапсырмаларының апробациясы бірнеше рет жүзеге асырылды. Жүргізілген зерттеулер мен талдаулардың нәтижесінде сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларының құрылымы мен мазмұнын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар мен тәсілдер айқындалды. Жаңа форматтағы тест тапсырмалары түсуішілердің бейіндік пән бойынша білімінің тереңдігі мен толықтығын бағалауға мүмкіндік береді, бұл зерттеу нәтижелерінде ұсынылған тәжірибелік деректермен дәлелденген.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жүргізу барысында сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларының ерекшеліктері мен қасиеттерін толық ашып көрсету мақсатында зерттеудің талдау әдісі қолданылады. Талдаудың негізгі міндеті – тапсырмалардың оң және сол жақ жиындарын салыстырып, олардың ортақ қасиеттерін және арасындағы ерекшеліктерді анықтау. Осылайша, жаңа форматтағы тест тапсырмаларының әртүрлі аспектілерін тереңірек зерттеу мүмкіндігі туындайды, бұл өз кезегінде ғылыми тұрғыдан құнды ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында талдау әдісінен басқа да негізгі ғылыми әдістер қолданылды, атап айтқанда статистикалық талдау, жалпылау және бағалау әдістері. Бұл әдістер тест тапсырмаларын қарастыру кезінде кеңінен қолданылып, олардың тиімділігін арттыруға септігін тигізді.

Ағымдағы зерттеуде сандық және сапалық деректер негізгі және қосымша ақпарат ретінде қолданылады. Зерттеу Ұлттық тестілеу орталығының базасында ҰБТ-ға арналған жаңа форматта қалыптастырылған тест тапсырмалары қолданылған тест нәтижесі бойынша жүргізілді. Сандық деректерге математика пәні бойынша тест тапсырмаларының және тестілеуге қатысқан түлектердің саны кіреді. Сапалық мәліметтер тест нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеу әдістерімен талдау барысында алынған тест тапсырмаларының сапасын бағалау нәтижелерімен қамтылады.

Зерттеу барысында апробация нәтижесі бойынша математикадан сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмаларының сапасы зерттеледі. Апробация нәтижесінде тест тапсырмаларының жалпы статистикалық көрсеткіштері (сенімділік, тапсырмалардың қиындық деңгейі, корреляциялық сипаттамалар және басқа да көрсеткіштер) және жеке тапсырмалардың

ерекшеліктері (қиындық деңгейі, дифференциациялық қабілет және т.б.) талданды. Сонымен қатар, сараптамалық бағалау арқылы тапсырмалардың дұрыстығы мен ҰБТ талаптарына сәйкестігі тексерілді. Тесттің валидтілігі міндетті түрде зерттеліп, оның нақты талаптарға сәйкес нәтиже беруі бағаланды. Талдау нәтижелері бойынша тест тапсырмалары қайта өңделіп, кейбір тапсырмалар жойылуы мүмкін. Осы зерттеудің қорытындысы бойынша математика пәні бойынша тестілеуді ҰБТ жүйесінде қолдану мүмкіндігіне қатысты шешімдер қабылданады.

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары: құрылымы, мақсаттары және бағалау әдістемелері

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары – бұл бір жиынның элементтеріне басқа жиынның элементтерін сәйкестендіріп қойып шығуды талап ететін тапсырмалар [4]. Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары өзін-өзі бақылау жұмысында және ағымдағы білім деңгейін бақылау кезінде де қолайлы. Мұндай түрдегі тапсырмалар әрбір оқу пәнінде болатын жинақты білімді тексеруге мүмкіндік береді.

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларының көптеген параллель концепциялары бар, мысалы:

- Терминдер және анықтамалар
- Нысандар және бейнелер
- Себептер және салдарлар
- Оқиғалар және даталар
- Заңдылықтар және формулалар
- Болмыстар және құбылыстар
- Заттар және қасиеттер
- Шамалар және өлшемдер
- Қағидалар және сипаттамалар
- Авторлар және шығармалар т.б.

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары арқылы түсушінің пәндік білімі ғана емес, жоғарыда тізімде ұсынылған концепциялар арасындағы қарым-қатынасты логикалық тұрғыда байланыстыра білу икемділігі тексеріледі.

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары түсушілердің ұқсас заттар/категориялар/түсініктер арасындағы байланысты немесе бірлестіктерін анықтау қабілетін, сонымен қатар басқа да кең көлемдегі дағдылары мен біліктерін бағалайды. Осыған орай сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын қолданудағы басты мақсат – оқушының түрлі жиынтықтар арасындағы байланыстар мен бірлестіктерді анықтай алу деңгейін бағалау болып табылады. Мектеп оқушыларына арналған жаңа бағдарлама мазмұнына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) кезінде сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары жиі қолданылады [5]. Педагогикалық тұрғыдан мұндай тапсырмаларды қолданудың мәні – оқушылардың оқу әрекетін белсендіру, сәйкестендірілетін элементтердің ассоциацияларын нығайту және құбылыстардың өзара байланысын түсінуді жақсарту.

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары физикалық, математикалық және оларды іс жүзінде қолдану аясындағы басқа да формулаларды жинақтау үшін өте пайдалы. Кез-келген оқу пәнінде зерттелетін объектілердің (ұғымдар, шамалар) түрге, топқа, типке немесе т.б. бөлінетіндігі немесе жіктелетіндігі туралы мәліметтер кездеседі. Осы топтардың әрқайсысы үшін көптеген қасиеттер мен сипаттамалар, қағидалар, қолдану ережелері мен мөлшерлері бар, сондықтан осы терминдер мен олардың сипаттамаларын пайдалана отырып сәйкестендіруге арналған тест тапсырмаларын әзірлеуге мүмкіндік бар. Нақты бір білім саласындағы білімді, икемділік пен машықтануды тез бағалау мүмкіндігі және тапсырма элементтерінің үнемді орналасуы сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларының басты артықшылығы болып

саналады. Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары бір дұрыс жауапты тест тапсырмаларына қарағанда барынша ұтымды болады. Мысалы, бір дұрыс жауапты таңдауға арналған біртекті тест тапсырмаларының бірнешеуін алып, олардан сәйкестікті анықтауға арналған бір ғана тест тапсырмасын жасау ұтымдырақ [6].

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларында екі жиынға да ортақ шарт ұсынылады. Сондай-ақ әр жиындағы элементтердің біркелкілігін сақтау міндеттеледі. Мұндай тапсырмаларды бағалаудың әртүрлі нұсқалары бар. Оның ішінде ең тиімдісі: барлық дұрыс сәйкестендірілген тапсырма үшін – 2 балл, ал бір қате жіберілген жағдайда – 1 балл, екі немесе одан да көп сәйкессіздік орын алған жағдайда 0 балл беріледі.

ҰБТ форматы бойынша сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады [1]:

- Бір дұрыс сәйкестік анықталса – 1 балл;
- Екі дұрыс сәйкестік анықталса – 2 балл;
- Дұрыс сәйкестік анықталмаса – 0 балл.

ҰБТ электронды форматта өтетіндіктен, сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары мультимедиялық элементі бар тапсырмалар ретінде енгізілген. Тестіленушілерге тапсырманың сол жақ элементтері толық көрініп тұрады, ал оң жақ элементтер ашылмалы тізім ретінде беріледі. Нұсқаулық «сәйкестендіріңіз» немесе «сәйкестікті анықтаңыз» деген сөздерден тұрады. Көп жағдайда «сәйкестікті анықтаңыз» деген нұсқаулықты элементтердің атауымен толықтырып ұсынатын тапсырмалар да кездеседі. Алайда бағандардың атауларынан екі жиын элементтері арасындағы сәйкестікті анықтау қажет екендігі жақсы көрініп тұрғандықтан, жиындар атауымен толықтырудың қажеті жоқ [7].

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларына қойылатын **талаптар**:

- оң жақтағы элементтер саны сол жақ жиындағы элементтер санынан 2 есе артық болуы тиіс;
- әр жиындағы элементтер мазмұны мен ұзындығы жағынан біркелкі болуы тиіс;
- элементтер нақты бір тақырып (тақырыпша) аясында таңдалып алынуы тиіс;
- элементтер ішінде дұрыс емес жауаптар дұрыс жауаптарға ұқсайтындай, тартымды болуы тиіс;
- сол жақ жиындағы 2 элемент А), В) латын әріптері арқылы берілуі тиіс [8].

Жоғарыда аталған талаптарды орындай отырып, сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын толықтай танып білу үшін мысалдар қарастырамыз.

1-мысал. (a_n) арифметикалық прогрессияда $S_n = 155,\ a_1 \cdot a_{10} = 58$ екені белгілі болса, онда сәйкестікті анықтаңыз:

А) егер прогрессия кемімелі болса, онда оның төртінші мүшесінің мәні	10
	11
	20
	29
В) егер прогрессия өспелі болса, онда оның төртінші мүшесінің мәні	10
	11
	20
	29

Бұл есеп ҰБТ-ға арналған тест спецификациясы бойынша «Тізбектер» бөлімінің «Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар» тақырыбына жатады [9]. Тапсырма толығымен талаптарға сай құрастырылған.

Тапсырманың бастапқы шарты кестеде берілген сәйкестендіруге тиісті жиындар үшін ортақ түрде беріледі, яғни сәйкестіктерді анықтау сол бастапқы шартқа сүйеніп іске асырылады. Сол жақ жиын элементтері прогрессияның екі түрлі жағдайдағы (өспелі, кемімелі) бірдей реттегі мүшелерін сұрау мақсатында, ал оң жақтағы элементтер сол мүшелердің мәндерін сәйкестендіріп анықтау үшін берілген. Тестілеу барысында сол жақтағы екі элемент үшін де оң жақтағы элементтер бірдей және бір ретте ұсынылады.

Бұл мысал арифметикалық прогрессияның өспелі және кемімелі болу жағдайларына байланысты әзірленген. Сол жақтағы екі элементке оң жақтағы 4 элементтің ішінен екі элемент сәйкес келеді. Әрбір дұрыс сәйкестік үшін тестіленушіге бір баллдан беріледі. Тапсырма үшін максималды балл саны – 2 балл.

Сол жақ жиындағы екі элементке оң жақтағы элементтердің ішінен біреуі ғана сәйкес келетін жағдайлар кездесуі мүмкін. Осы жағдайды толық сипаттай алатындай тағы бір мысалды қарастырамыз.

2-мысал. $y = f(x)$ функциясының графигі берілген, сәйкестікті анықтаңыз:



A) $f(1)$ болғандағы функцияның мәні	**3**
	4
	1
	0
B) $f(4)$ болғандағы функцияның мәні	**3**
	4
	1
	0

Бұл есеп Тест спецификациясы бойынша «Математикалық модельдеу мен талдау» бөлімінің «Математикалық анализ бастамалары» тақырыбы үшін әзірленген. Тапсырма толығымен талаптарға сай құрастырылған.

Берілген функция графигін пайдаланып, сол жақтағы элементтер үшін бір ғана дұрыс жауап бар екендігін анықтай аламыз. Бұл екі жағдайда да функцияның мәні 3-ке тең болады. Сол

жақтағы әрбір элемент үшін тестіленуші 3-ті таңдаған кезде, бұл тапсырма үшін ол толықтай екі балл иеленеді.

ҰБТ-да Математика пәні бойынша сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын математиканың барлық бөлімдері үшін құрастыруға болады. Тестіленушілерге келетін тест нұсқасының параллельдігін сақтау мақсатында 2024 жылғы ҰБТ-да сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары математика пәні бойынша тест спецификациясының 5 тақырыбы бойынша әзірленді.

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын тапсырмалар базасына енгізу және тестілеу платформасында тестіленушіге дұрыс көрсету мақсатында Орталықтың программалық жабдықтауларға жауапты мамандары жаңа функционал әзірледі. Аталған функционалдың көмегімен сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары тестіленушілерге платформада төмендегідей түрде ұсынылды.



Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары 2024 жылғы ҰБТ-да барлық бейіндік пәндер бойынша тест құрамына енгізілді [10]. Мұндай түрдегі тапсырмалардың енгізілгендігіне талапкерлер мен қоғам тарапынан оң көзқарас танытылғандығын ерекше атап өтуге болады. Алдағы уақытта сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары қолданылатын тақырыптар аясы кеңейтілетін болады.

Мәліметтерді жинау құралдары

Зерттеуде деректерді жинаудың негізгі құралы ретінде ҰБТ-ға арналған тест тапсырмаларының апробация кезінде математика пәні бойынша алынған тест нәтижелері болды. Таңдалған нұсқаға сәйкес, тест нәтижелерінің матрицалары 40 тапсырма аясында талданды.

Тестілеу сапасын бағалау тестіленушілердің білім деңгейі мен тапсырмалардың қиындық деңгейін бір өлшемді интервалдық шкалада өлшеу тәсіліне негізделді. Деректерді өңдеу үшін Winsteps 5.5.2.0 бағдарламасы қолданылды [11]. Зерттеу объектісі ретінде сенімді нәтижелер алу мақсатында тестіленушілер саны көп болған нұсқалар қарастырылды [12]. Тестке қатысушылардың жалпы саны бір нұсқа бойынша – 471.

Нәтиже және талқылау

Зерттеу барысында математика пәні бойынша жаңа форматтағы тесттің сенімділігі мен валидтілігін бағалау, сондай-ақ тапсырмалардың қиындық деңгейі мен модельге сәйкестігін анықтау мақсатында апробацияның нәтижелері талданып, сараптама жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде альфа Кронбах мәні (0, 1,0) қолданылады. Альфа Кронбах 1,0-ге жақын болғанда, ол сенімді көрсеткіш болып табылады [13].

Апробация нәтижесін талдау барысында Кронбах альфасы 0,78 көрсеткішін көрсетті. Бұл коэффициент тесттің ішкі тұрақтылығын бағалайды. 0,78 мәні тест элементтерінің жоғары ішкі үйлесімділігін көрсетіп, оның сенімділігін дәлелдейді. Мұндай көрсеткіштер тесттің жоғары деңгейдегі сенімділігі мен әртүрлі қабілет деңгейлері бар тестіленушілерді тиімді ажырата алу мүмкіндігін көрсетеді. Статистикалық талдау нәтижелері тесттің өлшеу қасиеттерінің негізділігін растап, оны тестіленушілер арасындағы айырмашылықтарды бағалау құралы ретінде қолдануға болатынын айқындайды.

Тест тапсырмаларының статистикалық сипаттамаларын қарастырып, барлық тапсырмалардың модельмен сәйкестігін бағалайық.

1-кестеде математика пәні бойынша тест тапсырмаларының статистикалық сипаттамалары берілген. Сәйкестік статистикасы кестенің соңғы екі бағанында көрсетілген.

1-кесте – Келісім статистикасы

Тапсырма нөмірі	Қиындықты бағалау (Measure)	Өлшеу қателігі (SE)	Корреляция коэффициенті	Келісім статистикасы	
				Взвешенная (OUTFIT MNSQ)	Простая (INFIT MNSQ)
Item1	-1.12	0.12	0.49	1.09	1.04
Item2	-1.90	0.14	0.53	0.74	0.90
Item3	-0.81	0.12	0.65	0.66	0.78
Item4	-1.49	0.13	0.56	0.90	0.88
Item5	-0.54	0.12	0.65	0.71	0.76
Item6	2.07	0.15	0.27	2.02	1.24
Item7	-0.58	0.12	0.63	0.70	0.81
Item8	0.53	0.12	0.43	1.40	1.14
Item9	-1.83	0.13	0.47	0.97	1.02
Item10	3.08	0.20	0.29	1.38	1.10
...					

Қарапайым сәйкестік статистикасы шектен тыс күтпеген жауаптарға, яғни, мықты тестіленуші жеңіл тапсырмаға қате жауап берген немесе әлсіз тестіленуші қиын тапсырмаға дұрыс жауап берген жағдайларға сезімтал болып келеді. Салмақталған статистика экстремалды күтпеген жауаптардың әсерін азайтуға мүмкіндік береді. Сәйкестік статистикасы үшін рұқсат етілген интервал (0,5; 1,5) аралығы болып табылады [14].

1-кесте деректері бойынша, осы тесттегі ең оңай тапсырма 2-тапсырма, оның қиындығы -1,90 логитті құрайды, ең қиын тапсырмалар 6 және 10-тапсырмалар, олардың қиындығы сәйкесінше 2,07 және 3,08 логитке тең. Кестеде берілген статистикалық талдау нәтижелері тест тапсырмаларының 90%-ының модельмен жақсы үйлесетінін көрсетеді.

Кесте деректеріне сүйене отырып, 6-тапсырманың келісім статистикасы белгіленген интервалға сәйкес келмейтіні анықталды. Сонымен қатар, 6 және 10-тапсырмалардың корреляция коэффициенттері салыстырмалы түрде төмен (сәйкесінше 0,27 және 0,29) екені байқалады. Корреляция коэффициенті -1 мен +1 аралығында өзгеретін көрсеткіш болып табылады, және оның мәні неғұрлым төмен болса, айнымалылар арасындағы өзара байланыс соғұрлым әлсіз болатынын білдіреді [15]. Төмен корреляция мәні бұл тапсырмалардың қатысушылардың жалпы білім деңгейін дәл өлшеуде шектеулі екенін көрсетеді.

6-тапсырма жоғары деңгейдегі күрделілікке ие (Measure = 2.07) және сенімді бағалауға ие (SE = 0.15). Оны негізінен жақсы дайындалған қатысушылар ғана сәтті орындай алады.

OUTFIT және InFit MNSQ коэффициенттерінің жоғары болуы (сәйкесінше 2.02 және 1.24) тапсырманың берілген қатысушылар тобы үшін тым күрделі болуы мүмкін екенін көрсетеді.

10-тапсырма жоғары деңгейдегі күрделілікке ие, оның өлшеу мәні (Measure = 3.08) төмен стандартты қатемен (SE = 0.20) белгіленген, бұл оның жоғары сенімділігін растайды. Outfit MNSQ коэффициентінің жоғары болуы (1.38) күтпеген жауаптардың бар екенін білдіреді, бұл қосымша деректерді талдауды қажет етеді. InFit MNSQ мәні (1.10) жалпы деректердің жеткілікті деңгейде сәйкестігін көрсетеді.

Логистикалық модель негізінде құрылған 6 және 10 тест тапсырмаларының сипаттамалық қисығы (Item Characteristic Curve, ICC) қарастырылады. Логистикалық модельдің негізгі аспектілері:

X oci (Measure relative to item difficulty) – Тест тапсырмасының қиындық деңгейіне қатысты тестіленушілердің қабілет деңгейін көрсетеді. Теріс мәндер – төмен қабілет деңгейін, оң мәндер – жоғары қабілет деңгейін білдіреді.

Y oci (Score on Item) – Тапсырманы дұрыс орындау ықтималдығы. 0 – дұрыс емес жауап, 1 – дұрыс жауап беру ықтималдығы 100%.

Қызыл түспен берілген қисық сызық – Логистикалық қисық, яғни модель бойынша дұрыс жауап беру ықтималдығының қабілет деңгейіне тәуелділігін көрсетеді.

Қара түспен берілген нүктелер – Нақты тестілеу нәтижелерінен алынған эмпирикалық деректер, яғни тестіленушілердің шынайы жауаптары.

Көк және қара түспен берілген қисықтар – Бұлар сенімділік интервалдары немесе дұрыс жауап беру ықтималдығының альтернативті апроксимациясы.



1-сурет - 6-тапсырманың қиындық деңгейіне қатысты тестіленушілердің қабілет деңгейінің қисығы

1-суретте 6-тапсырма бойынша қабілеті жоғары қатысушылардың дұрыс жауап беру ықтималдығы жоғары екені анық байқалады, ал қисықтың логикалық түрде өсуі бұл заңдылықты растайды. Графикте қара түспен белгіленген нақты деректер шамамен қызыл түспен көрсетілген теориялық қисыққа сәйкес келеді, бұл модельдің деректермен жақсы үйлесетінін көрсетеді. Дегенмен, кейбір нүктелер қисықтан сәл ауытқыған, бұл күтпеген жауаптардың болуын білдіруі мүмкін (мысалы, төмен қабілетті қатысушылар күрделі тапсырманы дұрыс орындауы немесе керісінше).

2-суретте 10-тапсырма бойынша қабілеті жоғары қатысушылардың дұрыс жауап беру ықтималдығы жоғары екені анық байқалады, ал қисықтың логикалық түрде өсуі бұл заңдылықты растайды.

Көптеген нүктелер (қара түспен белгіленген нақты деректер) күтілетін S-тәрізді логистикалық қисыққа сәйкес келеді, бұл модельдің деректермен жақсы үйлесетінін көрсетеді. Графиктің төменгі жағында (-6-дан 0-ге дейін) нүктелердің шашырауы байқалады, бұл қабілеттілігі төмен тестіленушілердің күтпеген жауаптардың болуын білдіреді. Демек қабілеті төмен субъектілердің болжамды жауаптары болғанын немесе немесе тестілеу кезінде болған қателіктерді білдіреді.



2-сурет - 10-тапсырманың қиындық деңгейіне қатысты тестіленушілердің қабілет деңгейінің графигі

Тест тапсырмаларының сапасын талдау нәтижелері олардың күрделілік деңгейін, модельге сәйкестігін және сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді. 6 және 10-тапсырмалардың жоғары күрделілікке ие екендігі анықталды, алайда олардың корреляция коэффициенттері төмен, бұл олардың тесттің жалпы бағалау дәлдігіне ықпалын шектеуі мүмкін екенін көрсетеді. OUTFIT және InFit MNSQ көрсеткіштерінің жоғары мәндері кейбір тапсырмалардың белгілі бір қатысушылар тобы үшін тым қиын болуы мүмкін екенін білдіреді. Осы нәтижелер негізінде тест тапсырмаларын жетілдіру және олардың бағалау сапасын арттыру бойынша ұсынымдар берілуі қажет.

Қорытынды

Білім беру саласындағы реформалар аясында Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесін жетілдіру мақсатында сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары енгізілді. Бұл тапсырмалар түсушілердің пәндік білімін тереңірек бағалауға, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға және білім деңгейін объективті түрде өлшеуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында математика пәні бойынша жаңа форматтағы тест тапсырмаларының құрылымы, мазмұны және тиімділігі талданды. Апробация нәтижелері бойынша тест тапсырмаларының сенімділігі мен валидтілігі бағаланды, сонымен қатар олардың қиындық деңгейі мен модельге сәйкестігі анықталды.

Зерттеу нәтижелері бойынша сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларының көпшілігі жоғары сенімділікке ие болып шықты. Алайда, кейбір тапсырмалар жоғары қиындық деңгейіне байланысты қатысушылардың білім деңгейін дәл өлшеуде шектеулерге ие болды. Осыған байланысты, бұл тапсырмаларды одан әрі жетілдіру және олардың қиындық деңгейін теңшеу қажеттілігі айқындалды.

Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын енгізу ҰБТ жүйесіндегі бағалау тиімділігін арттыруға және түсушілердің білім деңгейін тереңірек бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалардың қолданылуы білім беру сапасын арттыруға және оқу үдерісін жаңғыртуға үлес қосады. Алдағы уақытта бұл форматтағы тапсырмалардың қолданылатын тақырыптар аясын кеңейту және олардың сапасын одан әрі жетілдіру мақсатында жұмыстар жалғасуы тиіс.

Зерттеу нәтижелері білім беру саласындағы сарапшыларға, мұғалімдерге және тестілеу жүйесін жетілдіруге қатысушыларға пайдалы ақпарат пен ұсыныстар ұсынады. Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларын қолдану білім алушылардың білім деңгейін объективті және тиімді түрде бағалауға мүмкіндік береді, бұл білім беру сапасын арттыруға және оқу үдерісін жаңғыртуға үлес қосады.

Әдебиеттер

1. Всемирный Банк. (World Bank). Реформы в образовании и тестировании. Стратегия и проекты для стран с переходной экономикой. [Электронный ресурс] URL: https://www.worldbank.org/en/topic/education.
2. Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығы.
3. www.gov.kz. ҰБТ-2024: өзгерістер туралы. [Электронный ресурс] URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-edu/press/news/details/6957933.
4. Сидорик, В.В., Чичко, О.И. (2010). Теория и практика разработки тестовых заданий. Учебно-методическое пособие для слушателей системы повышения квалификации. Учебное издание. Минск.
5. Жалпы орта білім беру деңгейі пәндерінен жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы (2020). Әдістемелік ұсынымдар. Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.
6. Аванесов, В.С. (2005) Форма тестовых заданий. Учебное пособие для учителей школ, лицеев, преподавателей вузов и колледжей. 2 изд, переработанное и расширенное. М.: Центр тестирования.
7. Аванесов, В.С. (1998) Композиция тестовых заданий. Учебная книга для преподавателей вузов, учителей школ, аспирантов и студентов педвузов. М.: Адепт.
8. Клайн, П. (1994) Справочное руководство по конструированию тестов. Киев.
9. testcenter.kz. ҰБТ тест спецификациялары. [Электронный ресурс] URL: https://testcenter.kz/upload/iblock/fc4/07_.pdf.
10. sputnik.kz. ҰБТ-2024: министр жаңа өзгерістер болатынын айтты. [Электронный ресурс] URL:https://sputnik.kz/20230913/ubt-2024-ministr-zhana-ozgerister-bolatynyn-aytty-38416460.html?utm_source.
11. Trevor G. Bond, Christine M. Fox. Applying the Rasch Model: Fundamental Measurement in the Human Sciences, Second Edition. - Psychology Press, 2013 г. [Электронный ресурс] URL: https://books.google.ru/books?id=Yk7yi47RYIkC&hl=ru&source=gbs_navlinks_s.
12. Маслак, А.А. (2006) Измерение латентных переменных в социально-экономических системах. Монография. Славянск-на-Кубани: Издательский центр СГПИ.
13. sciencedirect.com Альфа-коэффициент Кронбаха [Электронный ресурс] URL: https://www.sciencedirect.com/topics/nursing-and-health-professions/cronbach-alpha-coefficient.
14. Анисимова, Т.С., Маслак, А.А. Осипов, С.А. (2005) Анализ качества заданий с выбором одного правильного ответа. Педагогические Измерения.
15. Антонов, В.Н. (2003). Основы тестологии: теория и практика разработки тестов. М.:Издательство «Гуманитариум».

К.Т. Туралбаева, Т.Ж. Ниязов, Б.К. Асемова

ТЕСТОВЫЕ ЗАДАНИЯ НА УСТАНОВЛЕНИЕ СООТВЕТСТВИЯ ПО ПРЕДМЕТУ МАТЕМАТИКА В ЕДИНОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ТЕСТИРОВАНИИ

В данном исследовании рассматриваются проблемы внедрения тестовых заданий в рамках Единого национального тестирования (ЕНТ). Основное внимание уделяется совершенствованию структуры и содержания тестов, что направлено на более глубокую оценку знаний студентов и развитие их логического мышления. В ходе исследования были проанализированы существующие методы тестирования, разработаны и внедрены новые типы заданий, ориентированные на оценку глубины знаний по конкретным предметам. В статье рассматриваются тестовые задания с мультимедийными элементами и новые задания на установление соответствия. Задания на установление соответствия были включены с целью проверки навыков анализа и сравнения информации, развития критического мышления и оценки способности устанавливать логические связи между элементами. Эти задания позволяют проверять не только знание фактов, но и понимание взаимосвязей между ними, что способствует комплексной оценке знаний учащихся и их способности применять информацию в различных контекстах. Авторы описывают тестовые задания на установление соответствия по предмету «Математика» и раскрывают их конкретную роль в системе оценки уровня знаний. Кроме того, в статье особое внимание уделяется значимости и необходимости этих заданий в современной системе образования, показывая, как они способствуют внедрению новых подходов к обучению и оцениванию.

Результаты апробации тестовых заданий нового формата показали высокую эффективность в оценке глубины знаний и логических навыков тестируемых. Также были проанализированы статистические данные, включающие надежность, сложность, корреляционные характеристики и другие показатели тестов. На основе полученных данных были разработаны рекомендации по дальнейшему совершенствованию тестирования, что поможет повысить объективность и эффективность оценки в рамках Единого национального тестирования.

Ключевые слова: ЕНТ, тестовое задание, мультимедийные элементы, тестируемый, оценивание, математика, спецификация, разработка тестовых заданий, установление соответствия.

K. Turalbaeva, T. Niyazov, B. Assemova

TEST TASKS FOR DETERMINING CORRESPONDENCE IN THE SUBJECT OF MATHEMATICS IN THE NATIONAL UNIFIED TESTING

The research examines the challenges of introducing new test items within the Unified National Testing (UNT) framework. The primary focus is on improving the structure and content of the tests to provide a deeper assessment of students' knowledge and to develop their logical thinking skills. The study analyzed existing testing methods and then developed and implemented new types of questions designed to evaluate the depth of knowledge in specific subjects. The article discusses test items with multimedia elements and new matching questions. The matching questions were included to check students' skills in analyzing and comparing information, to foster critical thinking, and to assess their ability to establish logical connections between elements. These questions allow for testing not only the knowledge of facts but also the understanding of the interrelationships between them. This contributes to a comprehensive evaluation of students' knowledge and their ability to apply information in different contexts. The authors describe the matching questions for the subject «Mathematics» and reveal their specific role in the knowledge assessment system. Furthermore, the article highlights the importance and necessity of these questions in the modern education system, showing how they contribute to new approaches in teaching and evaluation.

The results of the new test item format's trial run demonstrated high effectiveness in assessing the depth of knowledge and logical skills of the test-takers. Statistical data, including reliability, difficulty, correlation characteristics, and other test indicators, were also analyzed. Based on the findings, recommendations for further

improving the testing were developed, which will help increase the objectivity and effectiveness of the assessment within the Unified National Testing.

Keywords: UNT, test item, multimedia elements, test-taker, evaluation, mathematics, specification, test item development, matching.

References

1. Vsemirnyi Bank (World Bank). Reformy v obrazovanii i testirovanii. Strategiya i proekty dlya stran s perekhodnoi ekonomikoi. [Elektronnyi resurs] URL: https://www.worldbank.org/en/topic/education.
2. Ŭlttyq biryñğai testileudi ótkizu qağıdalar. Qazaqstan Respublikasy Bilim jəne ğylym ministriniñ 2017 jylğy 2 mamyrdağy №204 bŭiryğy.
3. www.gov.kz. ŬBT-2024: ózgerister turaly. [Elektronnyi resurs] URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-edu/press/news/details/6957933.
4. Sidorik, V.V., Chichko, O.I. (2010). Teoriya i praktika razrabotki testovykh zadanii. Uchebno-metodicheskoe posobie dlya slushatelei sistemy povysheniya kvalifikatsii. Uchebnoe izdanie. Minsk.
5. Zhalpy orta bilim beru deñgeii pənderinen zhiyntyq bağalau boyynsha tapsyrmalar zhinagy (2020). Ədistemelik ŭsynymdar. Nur-Sultan: Y. Altynsarin atyndağy Ŭlttyq bilim akademiyasy.
6. Avanesov, V.S. (2005) Forma testovykh zadanii. Uchebnoe posobie dlya uchitelei shkol, litseev, prepodavatelei vuzov i kolledzhei. 2 izd., pererabotannoe i rasshirennoe. M.: Tsentr testirovaniya.
7. Avanesov, V.S. (1998) Kompozitsiya testovykh zadanii. Uchebnaya kniga dlya prepodavatelei vuzov, uchitelei shkol, aspirantov i studentov pedvuzov. M.: Adept.
8. Klain, P. (1994) Spravochnoe rukovodstvo po konstruirovaniyu testov. Kiev.
9. testcenter.kz. ŬBT test spetsifikatsiyalary. [Elektronnyi resurs] URL: https://testcenter.kz/upload/iblock/fc4/07_.pdf.
10. sputnik.kz. ŬBT-2024: ministr zhaña ózgerister bolatynyn aitty. [Elektronnyi resurs] URL: https://sputnik.kz/20230913/ubt-2024-ministr-zhana-ozgerister-bolatynyn-aytty-38416460.html?utm_source.
11. Trevor G. Bond, Christine M. Fox. Applying the Rasch Model: Fundamental Measurement in the Human Sciences, Second Edition. Psychology Press, 2013 g. [Elektronnyi resurs] URL: https://books.google.ru/books?id=Yk7yi47RYIkC&hl=ru&source=gbs_navlinks_s.
12. Maslak, A.A. (2006) Izmerenie latentnykh peremennykh v sotsialno-ekonomicheskikh sistemakh. Monografiya. Slavyansk-na-Kubani: Izdatelskii tsentr SGPI.
13. sciencedirect.com. Alfa-koeffitsient Kronbakha [Elektronnyi resurs] URL: https://www.sciencedirect.com/topics/nursing-and-health-professions/cronbach-alpha-coefficient.
14. Anisimova, T.S., Maslak, A.A. Osipov, S.A. (2005) Analiz kachestva zadanii s vyborom odnogo pravilnogo otveta. Pedagogicheskie Izmereniya.
15. Antonov, V.N. (2003). Osnovy testologii: teoriya i praktika razrabotki testov. M.: Izdatelstvo «Gumanitarium».

Сведения об авторах:

Туралбаева Кенжекул Турганбаевна – РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, заведующий лабораторией, ул. Родниковая, 1/1, 010008, Астана, Казахстан, e-mail: kengebahit@mail.ru.

Ниязов Талгат Жаксыбаевич – РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, заместитель директора, ул. Родниковая, 1/1, 010008, Астана, Казахстан, e-mail: n.talgin@bk.ru.

Асемова Бибіфатима Кәкімжанқызы – РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, старший эксперт, ул. Родниковая, 1/1, 010008, Астана, Казахстан, e-mail: assemova00@mail.ru.

Авторлар туралы мәлімет:

Туралбаева Кенжекул Турганбаевна – ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, зертхана меңгерушісі, Родниковая көш., 1/1, 010008, Астана, Қазақстан, e-mail: kengebahit@mail.ru.

Ниязов Талгат Жаксыбаевич – ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, директордың орынбасары, Родниковая көшесі, 1/1, 010008, Астана, Қазақстан, e-mail: n.talgin@bk.ru.

Асемова Бибіфатима Кәкімжанқызы – ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, аға сарапшы, Родниковая көш., 1/1, 010008, Астана, Қазақстан, assemova00@mail.ru.

Information about authors:

Turalbayeva Kenzhekyl Turganbayevna – Republican State Enterprise on the Right of Economic Management «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Head of laboratory, Rodnikovaya St., 1/1, 010008, Astana, Kazakhstan, e-mail: kengebahit@mail.ru.

Niyazov Talgat Zhaksybayevich – Republican State Enterprise on the Right of Economic Management «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Deputy Director, Rodnikovaya St., 1/1, 010008, Astana, Kazakhstan, e-mail: n.talgin@bk.ru.

Assemova Bibifatima Kakimzhanovna – Republican State Enterprise on the Right of Economic Management «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Senior expert, Rodnikovaya St., 1/1, 010008, Astana, Kazakhstan, assemova00@mail.ru.

МРНТИ 14.35.09 https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.3.3.002

Ж.Ж. Бейсенова[1], Л.Е. Шинетова[2], Г.К. Жабаева[3]
[1,2,3]РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, г. Астана, Республика Казахстан

[1]ORCID 0000-0002-7347-1538, [2]ORCID 0000-0003-4280-7999, [3]ORCID 0009-0006-1003-6316

ПСИХОМЕТРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЕСТОВЫХ ЗАДАНИЙ ПО ОЦЕНКЕ ЗНАНИЙ ПЕДАГОГОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ АПРОБАЦИИ)

В статье представлены детальные результаты психометрического анализа тестовых заданий по математике, которые использовались в рамках апробации процедуры оценки знаний педагогов (ОЗП) в Казахстане. Исследование основано на сравнительном анализе трех различных вариантов теста, подготовленных для аттестации. Для оценки качества заданий и выявления их сильных и слабых сторон были задействованы методы как классической теории тестов (КТТ), так и современной теории тестов (IRT), в частности, модель Раша. Целью работы являлась не только оценка существующих оценочных инструментов, но и разработка практических рекомендаций по их усовершенствованию. Анализ апробации показал, что, несмотря на общую высокую надежность тестов (коэффициент альфа-Кронбаха превышает 0,84) и их хорошую способность дифференцировать испытуемых по уровню подготовленности, в каждом варианте были обнаружены отдельные проблемные задания. Было выявлено наличие заданий с низкой или даже отрицательной дискриминативностью, а также дистракторов, которые не работали должным образом. Все замечания, выявленные в ходе апробации, были учтены и устранены в последующей работе по корректировке банка заданий. Это позволило повысить точность и валидность оценочных инструментов в целом.

Ключевые слова: оценка знаний педагогов, психометрический анализ, апробация, надежность, валидность, классическая теория тестов, модель Раша.

Введение

В современной образовательной системе Казахстана процедура оценки знаний педагогов (ОЗП) представляет собой важный инструмент, который направлен на повышение качества обучения и профессионального статуса учителей. В соответствии с приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 27 января 2016 года №83 «Об утверждении Правил и условий проведения аттестации педагогов», ОЗП проводится для определения уровня профессиональной компетентности педагога с помощью тестов, разработанных уполномоченным органом в области образования [1, 2]. Этот процесс распространяется на педагогов дошкольных организаций, предшкольных классов, учителей начального, среднего и общего среднего образования, а также на работников дополнительного, специального и технического образования. ОЗП также затрагивает руководителей организаций образования, методистов, лиц без стажа и тех, кто желает возобновить педагогическую деятельность [3].

В отличие от прошлых форматов, ОЗП больше сфокусирована на практических навыках и методических компетенциях [4]. Такой подход позволяет получать объективные данные об уровне подготовки учителей, выявлять системные пробелы и находить лучшие способы для развития всей системы образования [5]. Ключевым компонентом ОЗП является тестирование, которое должно обладать высокой надежностью и валидностью. Успешно пройденный тест – это не просто подтверждение квалификации. Это возможность для карьерного роста и увеличения заработной платы, что, несомненно, мотивирует учителей постоянно совершенствоваться. Использование электронного формата делает оценку еще более объективной и прозрачной [1].

В этом исследовании мы провели всесторонний анализ тестовых заданий по математике, чтобы оценить их качество и соответствие современным требованиям. Результаты, которыми мы делимся, были получены в ходе апробации этого инструмента.

Материалы и методы исследования

Для анализа были выбраны три варианта теста по математике, использованные при апробации аттестации педагогов: 369168, 369169 и 369694. Выборка составила 190, 185 и 182 участника соответственно. Психометрический анализ проводился с использованием двух ключевых теоретических подходов. В рамках классической теории тестов (КТТ) анализ включает расчет показателей надежности (коэффициенты *KR-20* и *альфа-Кронбаха*), средней трудности и распределения заданий, а также дискриминативности (*pBis*) и эффективности дистракторов [6]. В рамках современной теории тестов (IRT) в рамках модели Раша оценивались надежность, разделяющая способность (*Person Separation*) и соответствие модели (*Infit MNSQ и Outfit MNSQ*), где допустимый диапазон значений установлен в пределах 0,7-1,3. Для расчетов использовались специализированные программы, такие как TAP, Jamovi и Winsteps [7].

Результаты и обсуждение

Результаты анализа по КТТ

Анализ данных был проведен нами с помощью специальных программ TAP и Jamovi. В ходе анализа было выяснено следующее. Все три варианта теста продемонстрировали высокий уровень надежности, что подтверждается значениями коэффициентов KR-20 и альфа-Кронбаха, превышающими 0,84. Это отличный показатель, который говорит о том, что результаты тестов стабильны и внутренне согласованы [8]. Проще говоря, если бы участники прошли этот тест еще раз, их результаты, скорее всего, были бы очень похожими (таблица 1).

Таблица 1 - Основные результаты анализа (КТТ)

Показатель	Вариант 369168	Вариант 369169	Вариант 369694
Число участников	190	185	182
Средний балл	27,53	28,62	31,1
Стандартное отклонение	7,70	8,38	8,64
Минимум / Максимум	9 / 47	9 / 46	10/ 47
Асимметрия	0,033	-0,095	-0,413
Эксцесс	-0,557	-0,677	-0,764
Надежность (KR-20 и альфа-Кронбаха)	0,84	0,87	0,89
Средняя трудность	0,551	0,572	0,622
Число заданий трудности < 0,2	3	0	0
Число заданий трудности > 0,8	4	4	11
Проблемные задания с дискриминативностью < 0	3 (№2, 22, 34)	1 (№44)	1 (№34)
Задания с дискриминативностью < 0,1	5 (№2, 9, 17, 22, 34)	3 (№ 1, 44, 45)	2 (№34, 49)

Таблица представляет собой сводку основных результатов психометрического анализа, выполненного в рамках КТТ с использованием программного обеспечения TAP.

Распределение баллов по всем вариантам в целом соответствует нормальному, с приемлемыми показателями асимметрии и эксцесса. Вариант 369694 показал небольшое смещение в сторону более высоких баллов (отрицательная асимметрия), что может быть обусловлено его чуть меньшей сложностью (рисунок 1). В целом, такое распределение говорит о том, что тесты успешно дифференцируют испытуемых по уровню подготовки.



Рисунок 1 - Гистограмма распределения баллов по варианту 369694 (данные ТАР)

Ulzhan Rasylkhankyzy Sadyk – Master of Philological Sciences, Head of the Testing Organization Department, Department for the Development of the KAZTEST System, National Testing Center RSE on REM, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 1/1 Rodnikovaya St., 010008, Astana, Kazakhstan, e-mail: u.sadykova@mail.ru

Assel Kenzhebekovna Makybayeva – Bachelor of History, Leading Expert of the Testing Organization Department, Department for the Development of the KAZTEST System, National Testing Center RSE on REM, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 1/1 Rodnikovaya St., 010008, Astana, Kazakhstan, e-mail: a_kaskataeva07@mail.ru

Nurbek Batirkhanovich Nurimbetov – Master's Student, Astana International University, Leading Expert of the Testing Organization Department, Department for the Development of the KAZTEST System, National Testing Center RSE on REM, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 1/1 Rodnikovaya St., 010008, Astana, Kazakhstan, e-mail: nurbekrm7@gmail.com.

ҒТАМР 14.25.05 https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.3.3.004

И.У. Сагиндиков*[1], А.Ш. Танирбергенова[2], А. Мағауия[3]
[1,2,3]Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Астана қ, Қазақстан Республикасы
*e-mail: Isatay60@mail.ru

[1]ORCID 0009-0004-5522-0649, [2]ORCID 0000-0002-8002-7910, [3]ORCID 0009-0008-5462-6734

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН БАҒАЛАУДЫҢ ЭКОЖҮЙЕЛІК ТӘСІЛДЕМЕСІ

Мақалада білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесін бағалаудың экожүйелік тәсілдемесі қарастырылады. Қазіргі таңда тәрбие нәтижелерін өлшеу көбінесе формалды көрсеткіштермен шектеліп, білім алушылардың тұлғалық дамуы мен құндылықтық бағдарларын толық ашып көрсетпейді. Осыған байланысты экожүйелік тәсілдеме тәрбие процесін кешенді бағалаудың тиімді тетігі ретінде ұсынылады. Зерттеу барысында макро, мезо, микроорта деңгейлерінің өзара байланысы талданып, білім беру ұйымының тәрбие кеңістігін әлеуметтік серіктестік, отбасы мен мектептің ынтымақтастығы, мектеп мәдениеті тұрғысынан қарастырудың маңызы негізделеді.

Мақалада «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтарына сүйене отырып, оқушы тұлғасын қалыптастырудың экожүйелік моделін сипаттау ұсынылады. «Адал азамат» моделін енгізу арқылы тәрбие нәтижелерін айқындау, білім алушылардың адалдық, әділдік, жауапкершілік, құрмет сияқты адамгершілік қасиеттерін бағалаудың экожүйелік тәсілдемесі көрсетіледі. Құндылыққа бағдарланған «Адал азамат» моделін жүзеге асыру мектеп экожүйесін дамытуға мүмкіндік береді. Экожүйелік тәсілдеме білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының экожүйесін әлеуметтік ортадағы өзара әрекеттестікті ескере отырып бағалауды қамтамасыз етеді. Бұл тәсілдеме тек іс-шаралардың сандық нәтижелерін ғана емес, сонымен бірге білім алушының құндылық бағдарларын, әлеуметтік дағдыларын, отбасымен және қоғаммен байланысын қамтиды.

Зерттеу нәтижесінде экожүйелік тәсілге негізделген тәрбие процесін бағалау критерийлері мен индикаторлары айқындалды. Сондай-ақ тәрбие экожүйесіне сәйкес құндылыққа бағытталған «Адал азамат» моделі тәрбие процесінің стратегиялық бағыты ретінде ұсынылды.

Түйін сөздер: тәрбиенің экожүйелік тәсілдемесі, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, құндылық, патриотизм, адалдық

Кіріспе

Білім беру жүйесінің басты құндылығы – адам капиталын дамыту. Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде қоғамның барлық саласы әлеуметтік әділеттілік пен әрбір адамның әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында жаңғыртылуда.

Заманауи білім беру тәрбиені біртұтас педагогикалық процестің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

Тәрбие мен оқыту – бірін-бірі үйлесімді толықтыратын тұтас процесс. Оқыту барысында білім алушылардың интеллектуалдық дамуымен қатар, олардың құндылықтарға негізделген адами қасиеттері де қалыптасуы тиіс. Демек, білім мазмұны мен тәрбие жүйесінің үйлесімділігі қазіргі педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі екендігі дау туғызбайды.

Алайда әлемдік жаһандану процесі, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және әлеуметтік ортаның өзгеруі өскелең ұрпақтың құндылық бағдарларына әсер етуде. Осы секілді сын тегеуріндер ұрпақ тәрбиесінде келесідей қарама-қайшылықтарды тудырып отыр:

– жаһандық мәдениеттегі үрдістер ықпалына төтеп беру үшін ұлттық бірегейлікті сақтау қажеттілігі;

– ақпараттық ашықтықтың әсері құндылықтар тұтастығына ықпалы нәтижесінде дәстүрлі тәрбие әдістерінің әлсіреуі мен жаңа әлеуметтік құбылыстардың пайда болуы.

Осы орайда қайшылықтарды шешу білім беру жүйесінде тәрбиені құндылықтар мен құзыреттілік тәсілдері арқылы жүзеге асыру тиімді болады.

Құндылыққа негізделген білім беру арқылы жас ұрпақтың ұлттық бірегейлігін нығайтып, жаһандық сын-қатерлерге төтеп беретін, саналы, отаншыл азаматтарды тәрбиелеу басты мақсат болуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайда балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді ашық көтеріп, қоғамның назарын аударады [1;2]. Тұлға дамуына ықпал етуші заманауи технологиялық, экономикалық, әлеуметтік және білім саласының ішкі сын-қатерлеріне жауап беру мақсатында әзірленген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – тәлім-тәрбиені жаһандық өзгерістермен үйлесімді ұштастыруға бағытталған маңызды қадам.

2023 жылдан бері барлық орта білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында [3;4] құндылықтар жүйесі 2026 жылдан бастап жүзеге асырылатын орта білім берудің жалпыға міндетті стандартында да енгізілген [5;6]. Осылайша тәрбие жұмысында және оқу бағдарламаларында ортақ құндылықтар жүйесі өзара біріздендірілген. Бұл оқыту мен тәрбиенің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Ал, 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енетін Бастауыш және Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарттарының 2-тарауында білім беру мазмұны келесі базалық құндылықтарға бағытталған:

1) тәуелсіздік және патриотизм;
2) бірлік пен ынтымақ;
3) әділдік пен жауапкершілік;
4) заң және тәртіп;
5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
6) жасампаздық және жаңашылдық [5;6].

Оқыту мен тәрбие процесінің тұтастығын нығайтуға, құндылықтарды білім беру мен тәрбие жұмысының біртұтас жүйесінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, құндылықтар тек білім мазмұны және тәрбие бағдарламасы арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына жан-жақты ықпал етіп, құндылық бағдарлар бекітілуге қол жеткізуді мақсат етеді.

Мемлекет басшысы Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында: «Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Енді жаңарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс. Себебі тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады» деген болатын. Мемлекет басшысы біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды деп атап өтіп, құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынғанын және бұл ұсыныспен толық келісетінін атады [7].

Зерттеу мәселесі:

Қазіргі білім беру ұйымдарында тәрбие процесін бағалау көбінесе формалды көрсеткіштерге сүйенеді (іс-шаралар саны, қатысушылар үлесі және т.б.). Бұл тәсіл баланың тұлғалық дамуының, әлеуметтік орта ықпалының, отбасы мен мектеп арасындағы өзара әрекеттестіктің толық бейнесін ашып көрсетпейді.

Сондықтан тәрбие процесін бағалауда экожүйелік тәсілдемені қолдану қажеттілігі туындайды. Экожүйелік тәсілдеме баланы дамытудың макро, мезо, микро ортадағы

байланыстарын ескере отырып, тәрбие процесінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдеменің негізінде құндылықтарға сүйенген мектеп экожүйесін қалыптастыру мәдениеті жатыр. Бұл мәдениет мектептің, отбасының және қоғамның біртұтас әрекетінде оқушы бойында құндылықтарды орнықтыруға бағытталады.

Мақсаты: Білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесін бағалаудың экожүйелік тәсілдемесінің теориялық негіздерін айқындау және тәрбие экожүйесіне сәйкес «Адал азамат» қалыптастыру моделін ұсыну.

Міндеттері:

- Тәрбие процесін бағалау теорияларына шолу жасап, олардың шектеулері мен мүмкіндіктерін анықтау;
- Экожүйелік тәсілдеменің негізгі ұстанымдарын білім беру ұйымдарының тәрбие процесіне бейімдеу;
- Тәрбие процесін бағалауда макро, мезо, микро орталардың өзара байланысын сипаттау;
- Экожүйелік тәсілге сүйенген тәрбие процесін бағалау критерийлері мен индикаторларын ұсыну;
- Тәрбие экожүйесіне сәйкес «Адал азамат» қалыптастыру моделін ұсыну.

Қазіргі жағдайда ұйымдардың кооперацияға, ынтымақтастыққа және желілік өзара әрекеттесуге негізделген жаңа типтегі өзара тиімді қатынастар құру қабілеті барған сайын маңызды бола түсуде. Осыған орай бүгінгі күнде жаһандану, цифрландыру және мәдени әртүрлілік жағдайында тәрбие жұмысының тиімділігін бағалау әдістерін қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Олай болса, тәрбие процесін бағалаудың экожүйелік тәсілдемесін қалыптастыру білім беру жүйесінің стратегиялық басымдықтарының бірі болмақ.

Бастапқыда бизнесте пайда болған экожүйелер басқа салаларға, соның ішінде білім беру саласына белсенді түрде таралуда. Білім беру экожүйесіне деген қызығушылықтың артуы білім беру ұйымдарында біртіндеп инновациялық процестер мен желілік серіктестіктерді «өзегіне» айналуымен анықталады. Бұл білім беру жүйесіндегі қатынастардың, байланыстардың және функциялардың өзгеруінен көрінеді.

Экожүйе – тірі организмдер қауымдастығынан (биоценоз), олардың тіршілік ету ортасынан (биотоп) және олардың арасындағы зат алмасу мен белсенділікті қамтамасыз ететін байланыс жүйесінен тұратын биологиялық жүйе. Бұл терминді 1935 жылы А.Тенсли ұсынған және белгілі бір аймақтағы барлық денелердің бірлігін және олардың физикалық анықтамамен өзара әрекеттесуін болжайды.

Экожүйе табиғи (мысалы, орман, көл) немесе жасанды (ауылшаруашылық жерлері, саябақтар) болуы мүмкін. Ол түрлердің құрамын сипаттайды, организмдерді, биомассаны және трофикалық құрылымды біріктіреді, оған өндірушілер (өндірушілер), тұтынушылар (тұтынушылар) және органикалық заттарды бұзушылар (редукциялар) кіреді [8].

Экожүйедегі негізгі процестер – бұл заттардың айналымы және оның тұрақтылығы мен жұмысына ықпал ететін энергия ағыны. Яғни экожүйенің басты ерекшілігі – оның тұрақтылыққа, өзін-өзі реттеуге және дамуға қабілеттілігі болып табылады.

XX ғасырдың екінші жартысында экожүйе ұғымы тек табиғи құбылыстарды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жүйелерді сипаттау үшін де қолданыла бастады. Әсіресе, Ури Бронфенбреннердің (1977) экологиялық жүйе теориясы бұл ұғымды адам дамуы мен тәрбие процесін зерттеуде кеңінен қолдануға жол ашты. Ол тұлғаны дамытушы ортаны төрт деңгейде сипаттады: микро, мезо, экзо және макрожүйе. Бұл тәсіл бойынша, бала тек мектеп пен отбасынан ғана емес, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары, мәдени орта, экономикалық жағдайлар секілді сыртқы факторлардан да әсер алады [9].

Педагогикадағы тәрбие процесі дәстүрлі түрде жеке тұлғаны, оның құндылық көзқарасын, азаматтық ұстанымын және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған

мұғалімдердің, білім алушылардың, отбасы мен қоғамның мақсатты өзара әрекеттесу жүйесі ретінде анықталады.

Тәрбие процесін бағалау дегеніміз оқушылардың құндылықтарының, құзыреттіліктерінің, мінез-құлық нормаларының қалыптасу деңгейін, сондай-ақ әлеуметтік институттардың тәрбиеге қатысу дәрежесін анықтау.

Нәтижелі тәсілдеме – түпкілікті нәтиже бойынша бағалау (тәрбие, тәртіп, адамгершілік қасиеттер).

Белсенділік тәсілдеме – баланың әртүрлі қызмет түрлеріне (еңбек, шығармашылық, қоғамдық жұмыс) қатысуына баса назар аудару.

Құзыреттілік тәсілдеме – дағдылар мен жағымды әдеттерінің қалыптасуын өлшеу (өзін-өзі басқару, сыни ойлау, коммуникация).

Тәрбие процесін бағалау критерийлері мен индикаторлары:

Экожүйелік тәсілдеме тәрбиенің нәтижелерін тек мектеп ішінде ғана емес, сонымен бірге отбасымен, қоғаммен және мәдени ортамен өзара әрекеттесу арқылы бағалау керек деп болжайды.

Негізгі критерийлері:

Білім алушылардың құндылық бағдарлары – мораль, этика, азаматтық ұстаным нормаларын қабылдау.

Әлеуметтік құзыреттілік – командада жұмыс істей білу, қарым-қатынас мәдениеті, көшбасшылық.

Эмоционалды-психологиялық әл-ауқат – мотивация деңгейі, өзін-өзі бағалау, психологиялық жайлылық.

Әлеуметтік әріптестік – отбасының, қоғамдық ұйымдардың, жергілікті қоғамдастықтың тәрбие процесіне қатысу дәрежесі.

Мектеп климаты мен мәдениеті – сенім, ынтымақтастық және өзара құрмет атмосферасы.

Экожүйелік тәсілдеме осы позицияларды кеңейтеді, өйткені ол мыналарды ескереді:

Микрожүйе – баланың қалыптасуына тікелей ықпал ететін орта. Оған ата-ана, отбасы мүшелері, құрдастары, достары, ұстазы т.б. жақын араласатын адамдарды қамтитын орта.

Мезожүйе – бала өміріндегі микрожүйелердің арасындағы қатынасының жүйесі. Мезожүйе баланың дамуына тікелей емес, жанама түрде әсер етеді. Мезожүйеге мысалы, отбасы мен мектеп арасындағы өзара әрекет (мысалы, ата-ананың мектеппен байланысы, ата-аналар жиналысына қатысуы, мұғалімдермен қарым-қатынасы), отбасы мен балабақша арасындағы байланыс (ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлесе жұмыс істеуі), отбасы мен аула/көрші орта арасындағы қатынас (мысалы, ата-аналардың баланың достарымен немесе көрші балаларымен байланысы); мектеп пен қосымша үйірмелер (мысалы, драма үйірмесі, спорт секциясы) арасындағы өзара ықпал. Мезожүйе баланың өміріндегі маңызды адамдар арасындағы байланыстар арқылы оның дамуына әсер етеді. Мезожүйенің әсері баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады: бір бала үшін сыныптағы достар маңызды болса, екінші бала үшін драма үйірмесі немесе отбасылық жағдай маңыздырақ болуы мүмкін. Бұл қарым-қатынастардың сапасы – баланың дамуы үшін шешуші фактор. Жақсы үйлесімділік пен ынтымақтастық болса – баланың дамуы да үйлесімді болады.

Экзожүйе – бұл баланың тікелей қатыспайтын, бірақ оған әсер ететін жанама әлеуметтік орта. Баланың дамуына ықпал ететін, бірақ оған тікелей араласпайтын әлеуметтік жүйелер мен құрылымдар. Экзожүйеге: ата-ананың жұмыс орны (ата-ананың жұмыстағы режимі (икемді график, демалыс), ата-анаға көрсетілетін қолдау (әлеуметтік қолдау); әлеуметтік қызметтер мен денсаулық сақтау ұйымдары; ата-ананың әлеуметтік ортасы (достары, туыстары, көршілері); мәдени және қоғамдық ұйымдар; интернет, әлеуметтік желі, БАҚ, фильмдер, мультфильмдер, т.б. медиакеңістік. Мысалы, ата-ананың тұрақты жұмысы мен қолайлы еңбек жағдайы –

отбасының әл-ауқатын жақсартып, баланың қауіпсіз әрі дамытушы ортада өсуіне септігін тигізеді.

Экзожүйе – баланың айналасындағы кең әлеуметтік құрылымдар мен байланыстар жүйесін қамтиды. Бұл жүйелердің ата-анаға көрсететін қолдауы немесе жетіспеушілігі – бала дамуының жанама, бірақ маңызды факторы. Экзожүйе неғұрлым байланысты және қолдаушы болса, бала соғұрлым тұрақты және қауіпсіз ортада дамиды.

Макрожүйе бала өсіп-жетілетін – баланың өміріне әсер ететін ең кең, жалпықоғамдық деңгейдегі мәдени, әлеуметтік, идеологиялық және құқықтық орта. Бұл – қоғамдағы құндылықтар, дәстүрлер, заңдар, мемлекеттік саясат, дін және идеологиялар жиынтығы. Тәрбиелік экожүйені қалыптастыратын стратегиялық деңгей, баланың өмірлік бағытын, құндылық әлемін, әлеуметтену жолын айқындайды.

Ури Бронфенбреннер теориясына сәйкес мысалы, мейірімді отбасында, бірақ азаматтық соғысқа шырмалған елде өмір сүріп жатқан бала. Баланың дамуына микроортасы жағымды үлес қосқанымен, ол өте қауіпті макроорта өмір сүріп жатыр. Сол себепті балада үрей, тұрақсыздық, болашағына сенімсіздік секілді ойлар оның толыққанды өсіп-жетілуіне кедергі келтіреді. Бұл мысалдан баланың толыққанды өсіп-жетілуі үшін барлық ортаның өзара бір бірімен байланысты екенін көруге болады. Сондықтан экожүйелік тәсіл – тәрбиенің кешенділігін мойындап, барлық деңгейдегі орталарды бір бағытта үйлестіруді көздейді. Бүгінгі таңда экожүйелік тәсіл – білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы байланысты күшейтуде, әлеуметтік орта мен цифрлық ортада баланың дамуына қолайлы жағдай жасауды қамтиды.

Соңғы жылдары бұл тәсіл білім беру жүйесіне де белсенді енгізіліп отыр. Білім беру экожүйесі деп түрлі деңгейдегі субъектілер (мектеп, отбасы, қосымша білім беру ұйымдары, мұғалім, оқушы, жергілікті қауым, медиа және цифрлық орта) мен олардың өзара байланысынан құралған, оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін ашық жүйені айтады.

Білім берудегі экожүйе – бұл ортақ мақсаттар мен ресурстар төңірегінде әртүрлі мүдделі тараптарды біріктіретін өзін-өзі ұйымдастыратын қауымдастық. Ол мектептер, университеттер, ҮЕҰ және жұмыс берушілер ұсынатын ресми және бейресми оқыту мүмкіндіктерін қамтитын, көбінесе бұл тараптар цифрлық платформалар немесе сертификаттау жүйелері арқылы байланысады. Экожүйелік тәсілдеме отбасы, мектептер, қауымдастықтар және әлеуметтік медиа сияқты әртүрлі білім беру компоненттері арасында тиімді ынтымақтастықты нығайтады (Arthur, J., & Kristjánsson, K, 2022) [10].

Білім берудегі экожүйе термині алғаш рет мектептер мен университеттерді ғана емес сонымен қатар басқа да агенттерді (қауымдастықтар, ата-аналар, цифрлық технологиялар) қамтитын білім беру процесінің дәстүрлі шеңберін кеңейту аясында да ұсынылды. Зерттеулер білім беру экожүйесі үздіксіз оқыту мен тәрбие ортасын құруға ықпал ететін өзара әрекеттесетін элементтердің жиынтығы екендігін көрсетті [11]. Зерттеушілер білім берудегі экожүйе шеңберінде формальді және бейресми білім беруді интеграциялаудың маңыздылығына назар аударады, бұл білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді [12].

Экожүйе бірнеше негізгі принциптермен сипатталады: тұтынушыға бағдарлану, қатысушылардың ынтымақтастығы, реттеу және басқару, қоршаған ортаға әсер ету, цифрлық технологиялар және онлайн платформалар, қатысушылардың бір-біріне пайдасын тигізуі, адам мен табиғаттың бірлескен эволюциясы. Бұл принциптер жаһандық әлеуметтік-экономикалық технологиялық сын-тегеуріндерді шешу үшін ұлттық білім беру жүйелерін өзгерту мүмкіндігіне ие білім берудің экожүйелерін тұжырымдаудың негізін құрайды.

Университеттер бұл экожүйелерде цифрлық трансформацияға бейімделу, білімді басқару және технологиялар трансферті орталықтары ретінде әрекет ету арқылы шешуші рөл атқарады (Mukesh & Pillai K., 2020) [13]. Экожүйелік тәсілдеме инновациялар мен бәсекеге қабілеттілікке

ықпал ететін дәстүрлі иерархиялық модельдерге қарағанда тиімдірек деп саналады (Kovaliuk & Kobets, 2021) [14].

1-сурет - Ури Бронфенбреннер бойынша тәрбие экожүйесі

Құндылыққа бағдарланған білім беруді тәрбие экожүйесі шеңберінде интеграциялай отырып, білім беру ұйымдары тәрбие бағдарламасы аясында «адал азаматты» тәрбиелеуді дамытуды күшейте алады. Бұл интеграция әртүрлі мүдделі тараптардың бірлескен күш-жігеріне сүйенеді және тиімді білім беру ортасын құру үшін цифрлық технологияларды қолданады (Abdul Rokhim et al., 2022) [15]. Ол сондай-ақ білім беру ұйымдарына үздіксіз дамуды ілгерілету және білім алушыларды қазіргі қоғамның талаптарына сай тәрбиелеу арқылы жаһандық әлеуметтік-экономикалық және технологиялық сын-тегеуріндерге төтеп беруге мүмкіндік береді (Kicherova & Trifonova, 2023) [16].

Құндылыққа бағдарланған тәрбие білім беру экожүйелерінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі. Бірқатар зерттеулер білім беру ортасында азаматтық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетеді, бұл білім алушылардың жауапкершілік пен патриотизм сезімін қалыптастыруға ықпал етеді (Lickona, 1996,) [17]. Осы тәсілдеме тұлғаның үйлесімді дамуына әсер етіп, оның қоғамда табысты әлеуметтенуінің алғышарттарын жасайды.

Білім беру экожүйелерін зерттеу табысты тәрбие мен білім беру әртүрлі субъектілердің: мектептердің, отбасылардың қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың арасындағы өзара белсенді әрекеттесуді қажет ететіндігін көрсетеді (Senge et al., 2000) [18]. Бұл түрлі ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін және білім беру процесінің барлық қатысушылары арасындағы байланысты қолдауға мүмкіндік беретін цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады (Groff, 2013) [19].



2 – сурет. Тұлғаны қалыптастырушы экожүйе

Білім беру экожүйелерін құру озық ойлы ұлтты қалыптастыру арқылы қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, тәрбиеге экожүйелік көзқарас әлеуметтік шиеленіс қауіпін азайтады және жастардың табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді. Тәрбиенің экожүйесі ұғымы қазақтың ойшылдарында, ұлт зиялыларында тікелей қарастырылмаса да бала тәрбиесінде, оның тұлғалық қалыптасуына отбасы, ұстазы, ортасы ықпал ететіндігін дәлелдейтін ойлар жеткілікті. Сол себепті де қазіргі тәрбие процесін тиімді іске асыру үшін экожүйелік тәсіл тиімді болмақ.

Сондықтан экожүйе ұғымын педагогикалық кеңістікте білім алушының дамуына ықпал ететін көпқырлы, өзара байланысты, динамикалық құрылым деп қарастыруға негіз бар. Себебі ол бір мезгілде тұлғаға әсер ететін тікелей (отбасы, мектеп) және жанама (цифрлық орта, БАҚ) ықпал ететін институттарды қамтиды.

Демек тәрбие экожүйесі заманауи экономиканың қиындықтарына төтеп бере алатын және қоғамның өркендеуіне үлес қоса алатын азаматтарды қалыптастыруға көмектеседі. Себебі қазіргі жаһандану жағдайындағы білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі – тәрбие процесін кешенді, жүйелі түрде ұйымдастыру және оны білім беру кеңістігімен бірлікте қарастыру маңызды. Осы ретте тәрбие экожүйесін құру – уақыт талабы екендігі мәлім. Экожүйелік көзқарас тәрбиенің тек мектеп ішінде ғана емес, ол білім алушыны қоршаған әлеуметтік, мәдени, цифрлық және рухани ортада да қалыптасатынын айғақтайды.

Экожүйе тәрбиені оқшау емес, тұтас әлеуметтік феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі тәрбиенің экожүйелік моделінде білім алушы – басты тұлға ретінде танылады.

Оның тұлғалық қалыптасуы мен даму процесі түрлі орталар мен әлеуметтік институттардың өзара байланысы мен ықпалы негізінде жүзеге асады. Бұл байланыстар білім алушының танымдық, эмоционалдық және практикалық аспектілерінің үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. осы ретте айта кетуге болады, біз ұсынған модельдегі тәрбиелік ықпал білім беру ұйымы деңгейімен байланыста қарастырылды.

Тәрбие экожүйесіне сәйкес модель келесі микрожүйелерді қамтиды:

1. Отбасы – тәрбиенің алғашқы және іргелі институты. Бала тұлғасының құндылық негіздері дәл осы ортада қаланады. Модельде отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі тәрбиенің тиімділігін арттырудың негізгі тетігі ретінде қарастырылады.

2. Білім беру ұйымындағы (балабақша, мектеп, колледж) орта – тәрбиенің басты ұйымдастырушылық кеңістігі. Бұл жерде білім алушының азаматтық, отаншылдық, адамгершілік, құқықтық, еңбек және экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіледі. Білім беру ұйымының тәрбие жұмысын ұйымдастыруда пәннің әлеуеті, педагог тұлғасын, қосымша білім беруді, өзін-өзі басқаруды, мектеп ережелері мен дәстүрлерін тиімді пайдаланудың маңызы зор.

3. Әлеуметтік орта – білім алушы өмір сүретін және қарым-қатынас жасайтын кеңістік. Мәдениет мекемелері, спорт клубтары, жастар ұйымдары, жеке ауласы, қоғамдық бірлестіктер тәрбие экожүйесінің табиғи бөлігі болып табылады.

4. Қосымша білім беру ортасы – үйірмелер, секциялар, өнер мектептері білім алушының шығармашылық әлеуетін дамытып, әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Бұл ортада тұлғаның өзін-өзі танытуына жағдай жасалады.

5. Бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық орта – қазіргі таңда оқушының сана-сезіміне ең үлкен әсер ететін факторлардың бірі. Экожүйелік модельде цифрлық мәдениет пен медиа сауаттылық тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

6. Педагогтер қауымы – мұғалім, тәрбиеші, мектеп әкімшілігі, педагог-психолог және әлеуметтік педагогтер экожүйедегі негізгі бағыттаушы күш. Олардың кәсіби құзыреттілігі мен тұлғалық ұстанымы оқушыға үлгі болуымен қатар, оның дамуын педагогикалық тұрғыда қолдайды.

Ал, ұсынылған модель тәрбие экожүйесінің іргетасы – құндылықтар жүйесі. Модельге сәйкес құндылықтарды білім алушылардың бойына дарыту, құзыреттілік ретінде қалыптастырып, «Адал азамат» бойындағы қасиеттердің сипаттамасын анықтауға болады. Себебі құндылықтар тек жеке адам деңгейінде ғана емес, мектептің бүкіл өмір сүру кеңістігінде, оның мәдениетінде, нормаларында, өзара қарым-қатынасында көрініс табуы тиіс.

Экожүйеге сәйкес тәрбиенің басты мақсаты – білім алушының үйлесімді дамуын, әлеуметтік бейімделуін, тұлғалық және азаматтық қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету үшін модель келесі қызметтерді жүзеге асырады:

тәрбиелік әсер ету орталарын біртұтас жүйеге біріктіру;

мектеп пен қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

тұлғалық даму мен әлеуметтенуге жағдай жасау;

тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету;

құндылыққа бағдарланған тәрбиені жүйелендіру.

Демек зерттеулерге сүйене отырып, «Адал азамат» қалыптастыратын тәрбиенің білім беру ұйымы деңгейіндегі экожүйені ұсынуға болады.

Ұсынылған модель тәрбие экожүйесіне сәйкес тәрбиелік ықпалдардың бірізділігі мен сабақтастығын қамтамасыз ететін, білім алушы тұлғасының жан-жақты дамуына бағытталған көпдеңгейлі, құзыреттілікке және құндылыққа бағдарланған кешенді жүйе.

3-сурет - Тәрбие экожүйесіне сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде «Адал азамат» қалыптастыру модел

Модель тәрбие экожүйесіне сәйкес құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік және іс-әрекеттік тәсілдемелер арқылы іске асырылады.

Тәрбие экожүйесіне сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде «Адал азамат» қалыптастыру моделі білім беру мазмұны мен сынып сағаттары және сыныптан тыс іс-шараларды жүйелі түрде ұштастыру арқылы тұлға бойында азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық белсенділікті қалыптастырудың тиімді тетігін ұсынады. Тәрбие рөлдік модельдерге (әрекет арқылы үлгі көрсететін тұлғалар), сындарлы кері байланысқа және әлеуметтік серіктестікке негізделген жағдайда ғана, білім алушы өзін қоғам алдындағы жауапты субъект ретінде сезіну мүмкіндігіне ие болады және қауіпсіз, қолайлы ортада дамиды.

Модельге сәйкес таңдалған әдіс-тәсілдер (мысалы, көркем шығармаларды талдау, әңгіме жүргізу, дебат, пікірталас) білім алушының танымдық қызығушылығын ынталандырып, сыни ойлауын жетілдіруге жағдай жасайды. Әлеуметтік жобаларды әзірлеу мен волонтерлік қызметке қатысу білім алушының әлеуметтік жауапкершілік сезімін күшейтіп, ұжымдық іс-әрекеттегі белсенділігін арттырады. Рефлексия жүргізу мен рөлдік ойындар білім алушыларға өз әрекеттері мен тәжірибелерін талдау арқылы мінез-құлықтық стратегияларды тиімді реттеуге мүмкіндік береді. Театрландырылған қойылымдар мен жеке күнделік жүргізу – білім алушылардың өзін-өзі тану, эмпатия және шығармашылық дағдыларын дамытудың бірегей құралы.

Осылайша, оқу процесінің мазмұны мен оған байланысты әдіс-тәсілдердің біртұтас қолданылуы білім алушылардың ұлттық құндылықтарға құрметпен қарап, мәдени мұраны насихаттау, тиімді коммуникация орнату, қоғамдық бастамаларға белсенді араласу және этикалық нормаларды сақтау сияқты құзыреттерін кешенді түрде қалыптастыруға ықпал етеді. Нәтижесінде, өзгерістерге бейім, инновациялық шешімдер ұсынуға қабілетті және мемлекет мүддесін ілгерілетуге дайын «Адал азамат» тұлғасы қалыптасады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, тәрбие экожүйесіне сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде «Адал азамат» қалыптастыру моделі білім беру ұйымының ресурстары мен сыртқы әлеуметтік ортаның мүмкіндіктерін біріктіре отырып, тәрбиелік процесті жүйелі әрі тиімді ұйымдастырудың заманауи формасы ретінде қарастырылады. Модельге сәйкес тәрбие процесін жаңаша ұйымдастырып, білім беру ұйымы, отбасы, қоғаммен тығыз байланысын дамытуды көздейді. Тәрбие экожүйесіне сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде «Адал азамат» құндылықтарын тәрбие процесін жоспарлау, талдау, мониторинг жүйесіне және білім беру ұйымы мәдениетінің артефактілеріне кіріктіруді қарастырады.

Ұсынылған модель білім беру ұйымында тәрбие процесінің кеңістіктік және мазмұндық шегарасын кеңейтіп, білім алушыны субъект ретінде қарастыратын алдын ала жоспарланған, мақсатты, заңдылықтары мен іске асыру механизмдері бар тұтас процесс ретінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру парадигмасының тәрбиені оқытумен тең дәрежеде қарастыруы және жеке тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған біртұтас тәрбие жүйесін қалыптастыруға ұмтылуы зерттеудің өзектілігін айқындады.

Формалды көрсеткіштерге сүйену арқылы тәрбиені бағалау баланың тұлғалық және құндылықтық дамуын толық қамти алмайтынын көрсетті. Осыған байланысты экожүйелік тәсілдеме тәрбие процесін бағалауда кешенді көзқарас ұсынады.

Экожүйелік тәсілдеме білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының экожүйесі әлеуметтік ортадағы өзара әрекеттестікті ескере отырып бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдеме тек іс-

шаралардың сандық нәтижелерін ғана емес, сонымен бірге білім алушының құндылық бағдарларын, әлеуметтік дағдыларын, отбасымен және қоғаммен байланысын қамтиды.

Зерттеу нәтижесінде экожүйелік тәсілге негізделген тәрбие процесін бағалау критерийлері мен индикаторлары айқындалды. Сонымен қатар, тәрбие экожүйесіне сәйкес құндылыққа бағытталған «Адал азамат» моделін қалыптастыру тәрбие процесінің стратегиялық бағыты ретінде ұсынылады.

Зерттеу барысында мектеп мәдениетінің құрылымдық, мазмұндық және қатынастық аспектілері талданды. Нәтижесінде мектептегі тәрбие жұмыстарының жүйелілігі мен құндылықтарға сәйкестігін бағалаудың өлшемдері айқындалды. «Адал азамат» моделінің педагогикалық шарттары мен тетіктері нақтыланып, оның білім алушылардың бойында жоғары адами құндылықтарды қалыптастырудағы тиімділігі дәлелденді.

Зерттеу нәтижелері мектеп мәдениеті мен психологиялық ахуалдың тәрбиелік ықпалдың орталық буыны және білім алушының тұлғалық дамуына тікелей әсер ететін орта екендігін нақты көрсетті.

Қорытындылай келе, мектеп мәдениетін тәрбие экожүйесіне сай ұйымдастыру және «Адал азамат» моделін енгізу, сондай-ақ «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен жаңа стандарттағы құндылықтарды білім беру процесіне енгізу болашақ азаматтың адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағытталған кешенді әрі ғылыми негізделген процесс. Бұл тәсілдеме білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының сапасын арттырып, білім алушылардың өмірлік ұстанымдарына ықпал ететін негізгі құралдардың біріне айналады.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі 2024 жылғы 15 наурыз [Электронды ресурс] https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727 (қаралған уақыты 05.09.2024 ж.).

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. 2023 жылғы 17 маусым. – Түркістан. [Электронды ресурс] https://surl.li/tpkuos (қаралған уақыты 05.09.2024 ж.).

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жылғы 19 қыргүйектегі №294 бұйрығының 1-қосымшасы.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 2024 жылғы 31 шілдедегі №194 бұйрығына 1-қосымша.

5. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығына 1-қосымша. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 қаңтарда № 35670 болып тіркелді [Электронды ресурс] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670#z35 (қаралған уақыты 05.09.2025 жылы).

6. Негізгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығына 2-қосымша. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 қаңтарда № 35670 болып тіркелді. [Электронды ресурс] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670#z211 (қаралған уақыты 05.09.2025).

7. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзі 2025 жылғы 14 наурыз. [Электронды ресурс] https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-tortinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-14242 (қаралған уақыты 15.09.2025 жылы).

8. Экосистеме [Экожүйе] Википедия ашық энциклопедиядан алынды. [Электронды ресурс] https://surl.li/zjcvfo (қаралған уақыты 15.03.2024 жылы).

9. Bronfenbrenner U. (1977) Toward an experimental ecology of human development. American Psychologist, 32 (7), 513-531.

10. Arthur, J., & Kristjánsson, K. (2022). The Jubilee Centre framework for character education in schools. University of Birmingham.

11. Van den Akker, J. (2013). _Curriculum Perspectives and Design in Educational Ecosystems_. DOI: 10.1007/978-94-6209-143-6_1.

12. Care, E., Kim, H., Vista, A., & Anderson, K. (2018, November). Education system alignment for 21st century skills: Focus on assessment. Optimizing Assessment for All (OAA). Center for Universal Education at the Brookings Institution.

13. Mukesh H.V. & Rajasekharan Pillai K., 2020. «Role of Institutional Ecosystem in Entrepreneurship Education: An Empirical Reiteration» Journal of Entrepreneurship and Innovation in Emerging Economies, Entrepreneurship Development Institute of India, vol. 29(1), pages 176-205, March.

14. Kovaliuk, Tetiana & Kobets, Nataliya. (2021). The Concept of an Educational Ecosystem for the Digital Transformation of the Ukrainian Economy.

15. Rokhim, Abdul & Suryadi, Suryadi & Supadi, Supadi. (2021). Evaluation of The Implementation of The Inclusion Program. International Journal of Elementary Education. 5, 675. 10.23887/ijee.v5i4.37217.

16. Kicherova M. N., Trifonova I. S. Educación no formal: Una revisión de los estudios modernos. Obrazovanie i nauka = Educación y Ciencia. 2023; 25 (2): 46–67. DOI: 10.17853/1994-5639-2023-2-46-67.

17. Lickona, T. (1996). _Character Education in the Educational Ecosystem: A Value-based Approach_. DOI: 10.1080/0305724920190104.

18. Senge, P., et al. (2000). _Schools as Learning Organizations: A Systems Thinking Approach_. DOI: 10.1016/j.sbspro.2011.11.256.

19. Groff, J. (2013). _Technology and the Learning Ecosystem: An Interconnected Approach_. DOI: 10.2139/ssrn.2386422.

I. Sagindikov, A.Tanirbergenova, A. Magauiya

ECOSYSTEM APPROACH TO THE ASSESSMENT OF THE EDUCATIONAL PROCESS IN EDUCATIONAL ORGANIZATIONS

The article considers an ecosystem approach to the assessment of the educational process in educational organizations. Currently, the measurement of educational outcomes is often limited to formal indicators and does not fully reveal the personal development and value orientations of students. In this regard, the ecosystem approach seems to be an effective mechanism for a comprehensive assessment of the educational process. The study analyzes the relationship between the levels of the macro, meso, and microenvironment, and substantiates the importance of considering the educational space of an educational organization from the point of view of social partnership, family-school cooperation, and school culture.

The article proposes to describe an ecosystem model of student personality formation based on the core values of the Unified Educational Program «Adal Azamat» The article demonstrates an ecosystem approach to determining the results of education through the implementation of the «Adal Azamat» model, assessing the moral qualities of students, such as honesty, fairness, responsibility, respect. The implementation of the «Adal Azamat» value-based model will help develop the school ecosystem. The ecosystem approach enables the evaluation of the ecosystem of educational institutions' upbringing work, taking into account interactions within the social environment. This approach encompasses not only the quantitative results of activities but also the value orientations of learners, their social skills, and their connections with family and society.

As a result of the research, criteria and indicators for evaluating the educational process based on the ecosystem approach were identified. In addition, a value-oriented model titled «Adal Azamat» was proposed as a strategic direction of the educational process aligned with the educational ecosystem.

Keywords: ecosystem approach of education, unified educational program «Adal Azamat», value, patriotism, honesty

И.У. Сагиндиков, А.Ш. Танирбергенова, А. Мағауия

ЭКОСИСТЕМНЫЙ ПОДХОД К ОЦЕНКЕ ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассматривается экосистемный подход к оценке воспитательного процесса в организациях образования. В настоящее время измерение результатов воспитания часто ограничивается формальными показателями и не полностью раскрывает личностное развитие и ценностные ориентации обучающихся. В этой связи экосистемный подход представляется эффективным механизмом комплексной оценки воспитательного процесса. В ходе исследования анализируется взаимосвязь уровней макро, мезо, микросреды, обосновывается важность рассмотрения воспитательного пространства образовательной организации с точки зрения социального партнерства, сотрудничества семьи и школы, школьной культуры.

В статье предлагается описать экосистемную модель формирования личности учащегося, опираясь на основные ценности Единой воспитательной программы «Адал азамат». Демонстрируется экосистемный подход к определению результатов воспитания через внедрение модели «Адал азамат», оценке нравственных качеств обучающихся, таких как честность, справедливость, ответственность, уважение. Реализация ценностно-ориентированной модели «Адал азамат» позволит развивать школьную экосистему. Экосистемный подход обеспечивает оценку экосистемы воспитательной работы организации образования с учётом взаимодействия в социальной среде. Этот подход охватывает не только количественные результаты мероприятий, но и ценностные ориентации обучающихся, их социальные навыки, а также связь с семьёй и обществом.

В результате исследования были определены критерии и индикаторы оценки воспитательного процесса на основе экосистемного подхода. Также предложена ценностно-ориентированная модель «Адал азамат» как стратегическое направление воспитательного процесса, соответствующее воспитательной экосистеме.

Ключевые слова: экосистемный подход воспитания, единая воспитательная программа «Адал азамат», ценность, патриотизм, честность.

References

1. Tokayev, K.-Zh. (2024, March 15). Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokayevtin «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys» atty uchinshi otyrysynda soylegen sozi. Akorda. [Электронды ресурс] URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727 (Accessed: 05.09.2024).
2. Tokayev, K.-Zh. (2023, June 17). Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokayevtin Ulttық kuryltaydyn «Adiletti Kazakhstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrysynda soylegen sozi. [Электронды ресурс] URL: https://surl.li/tpkuos (Accessed: 05.09.2024).
3. Kazakhstan Respublikasy Oqu-agartu ministirinin Zhoғary oqu oryndarynan basqa bilim beru ұyymdaryna arnalgan «Birtұtas tarbiye barғdarlamasyn» bekitu turaly 2023 zhylғy 19 қyrguyektegi №294 buyrygynyn 1-kosymshasy. (2023).
4. Kazakhstan Respublikasy Oqu-agartu ministirinin «Birtұtas tarbiye» barғdarlamasyn bekitu turaly 2024 zhylғy 31 shildedegi №194 buyrygyna 1-kosymsha. (2024).
5. Bastauysh bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarty. Kazakhstan Respublikasy Oqu-agartu ministrinin 2025 zhylғy 23 қantaradagy № 12 buyrygyna 1-kosymsha. Kazakhstan Respublikasynyn Adilet ministrliginde 2025 zhylғy 24 қantarda № 35670 bolyp tirkeldi. (2025). [Электронды ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670#z35 (Accessed: 05.09.2025).
6. Negizgi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarty. Kazakhstan Respublikasy Oqu-agartu ministrinin 2025 zhylғy 23 қantaradagy № 12 buyrygyna 2-kosymsha. Kazakhstan Respublikasynyn Adilet ministrliginde 2025 zhylғy 24 қantarda № 35670 bolyp tirkeldi. (2025). [Электронды ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670#z211 (Accessed: 05.09.2025).

7. Tokayev, K.-Zh. (2025, March 14). Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokayevtin Ulttық kuryltaydyn tortinshi otyrysynda soylegen sozi. Akorda. [Электронды ресурс] URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-tortinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-14242 (Accessed: 15.09.2025).

8. Ekosistema [Ekosuye] Vikipediya ashyq enciklopediyadan alyndy. [Электронды ресурс] URL: https://surl.li/zjcvfo (Accessed: 15.03.2024).

9. Bronfenbrenner, U. (1977). Toward an experimental ecology of human development. American Psychologist, 32 (7), 513-531.

10. Arthur, J., & Kristjánsson, K. (2022). The Jubilee Centre framework for character education in schools. University of Birmingham.

11. Van den Akker, J. (2013). Curriculum Perspectives and Design in Educational Ecosystems. DOI: 10.1007/978-94-6209-143-6_1.

12. Care, E., Kim, H., Vista, A., & Anderson, K. (2018, November). Education system alignment for 21st century skills: Focus on assessment. Optimizing Assessment for All (OAA). Center for Universal Education at the Brookings Institution.

13. Mukesh, H.V., & Rajasekharan Pillai, K. (2020). «Role of Institutional Ecosystem in Entrepreneurship Education: An Empirical Reiteration». Journal of Entrepreneurship and Innovation in Emerging Economies, 29(1), 176-205. DOI: 10.1177/2393957519890526.

14. Kovaliuk, T., & Kobets, N. (2021). The Concept of an Educational Ecosystem for the Digital Transformation of the Ukrainian Economy.

15. Rokhim, A., Suryadi, S., & Supadi, S. (2021). Evaluation of The Implementation of The Inclusion Program. International Journal of Elementary Education, 5, 675. DOI: 10.23887/ijee.v5i4.37217.

16. Kicherova, M. N., & Trifonova, I. S. (2023). Educación no formal: Una revisión de los estudios modernos. Obrazovanie i nauka = Educación y Ciencia, 25 (2): 46–67. DOI: 10.17853/1994-5639-2023-2-46-67.

17. Lickona, T. (1996). Character Education in the Educational Ecosystem: A Value-based Approach. DOI: 10.1080/0305724920190104.

18. Senge, P., et al. (2000). Schools as Learning Organizations: A Systems Thinking Approach. DOI: 10.1016/j.sbspro.2011.11.256.

19. Groff, J. (2013). Technology and the Learning Ecosystem: An Interconnected Approach. DOI: 10.2139/ssrn.2386422.

Авторлар туралы мәлімет:

Сагиндиков Исатай Умирзакович - педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы, Isatay60@mail.ru

Танирбергенова Анар Шынболатовна - педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті, Астана қ. Қазақстан Республикасы, anar-tanirbergenova@mail.ru

Мағауия Айжан – магистр, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкер, Астана қ. Қазақстан Республикасы, mag-aizhan@mail.ru

Сведения об авторах:

Сагиндиков Исатай Умирзакович - кандидат педагогических наук, главный научный Ведущий научный сотрудник Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, г. Астана, Республика Казакстан, Isatay60@mail.ru

Танирбергенова Анар Шынболатовна - кандидат педагогических наук, вице-президент Национальной академии образования им. И.Алтынсарина, г. Астана, Республика Казакстан, anar-tanirbergenova@mail.ru

Магауия Айжан - магистр, старший научный сотрудник Национальной академии образования им.И. Алтынсарина,г. Астана, Республика Казахстан, mag-aizhan@mail.ru

Information about authors:

Sagindikov Issatay - Candidate of Pedagogical Sciences, Leading Researcher at the National Academy of Education named after I.Altynsarin, Astana, Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan, Isatay60@mail.ru

Tanirbergenova Anar - Candidate of Pedagogical Sciences, Vice President of the National Academy of Education named after I. Altynsarin, Astana, Republic of Kazakhstan, anar-tanirbergenova@mail.ru

Magauiya Aizhan - Master's degree, Senior Researcher at the I. Altynsarin National Academy of Education, Astana, Republic of Kazakhstan, mag-aizhan@mail.ru

МРНТИ 50.03.05 https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.3.3.005

Ш.Б. Алтыбаева[1*], А.К. Каркенова[2], М.Д. Каргалдаева[3]
[1,2,3]Национальный центр тестирования, Астана, Казахстан
*e-mail: shugyla.altybayeva@gmail.com

[1]ORCID 0000-0003-0306-861X, [2]ORCID 0009-0003-0678-1987, [3]ORCID 0009-0006-1138-4160

ПСИХОМЕТРИЧЕСКАЯ ВЕРИФИКАЦИЯ АВТОМАТИЗИРОВАННОЙ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ БАЗОЙ ТЕСТОВЫХ ЗАДАНИЙ

В данной статье рассматриваются результаты комплексной модернизации автоматизированной системы управления базой тестовых заданий, которая используется в национальных экзаменационных процедурах, включая Единое национальное тестирование и комплексное тестирование в магистратуру. Основное внимание уделено влиянию внедрения технических и организационных решений на психометрические характеристики тестов и повышение качества образовательных измерений. В рамках исследования проанализированы такие меры, как внедрение механизмов кэширования, обновление вычислительной инфраструктуры, использование технологии шардирования баз данных, интеграция DLP-системы для обеспечения информационной безопасности, а также применение инструмента автоматизированной проверки качества заданий CheckerWord. Для оценки эффективности проведенных изменений выполнен психометрический анализ с использованием модели Раша и программного обеспечения Winsteps (версия 5.8.3.0). Результаты показали, что модернизация положительно сказалась на надежности тестов, уровне дифференциации участников и соответствии заданий модели. Отдельное внимание уделено вопросам защиты персональных данных и устойчивости функционирования базы. Полученные результаты подтверждают, что комплексный подход, включающий как технические, так и психометрические меры, способствует обеспечению валидности, надежности и воспроизводимости образовательных измерений в национальной системе оценки качества образования.

Ключевые слова: автоматизированная система управления тестовыми заданиями, психометрическая верификация, модель Раша, надежность теста, валидность, DLP-система, CheckerWord.

Введение

В условиях модернизации национальной системы образования особую роль занимают экзамены республиканского масштаба, каждый из которых выполняет свою уникальную функцию и обладает высокой значимостью как для образовательной системы в целом, так и для отдельных обучающихся. К числу таких процедур относятся Единое национальное тестирование (далее - ЕНТ), комплексное тестирование в магистратуру (далее - КТ). Эти экзамены обеспечивают справедливый отбор, открывают доступ к последующим уровням образования и выступают основным инструментом распределения государственных образовательных грантов [1]. Их результативность напрямую связана с качеством используемых тестовых заданий, что подчеркивает необходимость системного подхода к формированию, хранению и обновлению базы тестовых материалов.

